ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 02 мамыр іс №7119-24-00-2/4712 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Э.Е.Ебенбаева оңайлатылған (жазбаша) тәртібінде электронды азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
«SMART» дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 109, 117, 223-226, 267-4-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының талап қоюы қанағаттандырылсын.

«SMART» дара кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«SMART» дара кәсіпкерінен «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамының пайдасына 80 562 (сексен мың бес жүз алпыс екі) теңге тұрақсыздық айыбы және 2 418 (екі мың төрт жүз он сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«SMART» дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Көшірме дұрыс
Судья **Э. Ебенбаева**

Анықтама: шешім заңды күшіне 10.06.2024 жылы енді
Судья **Э. Ебенбаева**

Құжатқа қол қойылған: Ебенбаева Э. Е., 02.05.2024